

Бабайқорған ауылдық округі әкімі аппаратымен атқарылған жұмыстары мен 2019 жылдың 9 айында шешімдер мен өкімдерді қабылдау барысында заңдылықтың сақталу барысына жүргізілген ішкі талдау туралы
ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Кентау қаласы

10.10.2019 жыл

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабында белгіленген құзыреті шегінде және ауыл округ әкімі аппаратының Ережесіне сәйкес, **Бабайқорған ауыл округі әкімі** тарапынан 2019 жылдың 9 айында 19-шешім және 61-өкім қабылданып тіркелген. Тіркеу журналдары нөмірленген, алайда мекеменің мөрімен бекітілмеген. Тіркеу журналдарында сызылған, өзгертіліп жазылған фактілер орын алған.

Қабылданған өкімдер мен шешімдерге құқықтық сараптама жүргізу барысында төмендегі заң бұзушылықтар анықталды:

2019 жылдың 9 айында қабылданған 19 шешімдер тек қана жерге қатысты шешімдер. Шешім қабылдауға негіз болған азаматтардың өтініштері ҚР «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының талаптарына сәйкес тіркелмеген. Яғни, ауыл округі әкімімен шешімдерді қабылдауға негіз болған өтініштер кіріске алынбаған. Кейбір қабылданған шешімдердің түп нұсқалары жоқ, Заңға сәйкес қол қойылмаған, өкімдер мен шешімдерге сандық нөмірлер берілген.

Ауыл округі әкімінің 20.03.2019 жылғы №19, 24.05.2019 жылғы №26, 20.06.2019 жылғы №34, 19.08.2019 жылғы №50, 19.08.2019 жылғы №51, 25.09.2019 жылғы №60 санды өкімдерінің негіздері бойынша тіркелген қызметшілерінің еңбек демалысын беру туралы өтініштерінде мерзімдері көрсетілмеген.

«Жұмыссыз азаматтарды ақылы қоғамдық жұмыспен қамту туралы» ауылдық округ әкімінің өкімдерінің преамбуласында ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 14.06.2016 жылғы №516 бұйрығы басшылыққа алынбаған.

Аппараттың 2019 жылға арналған штаттық кестесі тек қана 01.10.2019 жылы ауыл округі әкімімен қол қойылып, бекітілген.

Келісім шарт негізінде жұмысқа қабылданған қызметшілердің келісім шарттары ҚР Еңбек Кодексінің талаптарын бұза отырып 2016-2019 жылдар аралығында жылдың соңғы күнімен тоқтатылып, қайта түзілген және қызметшілер қол қойып таныстырылмаған

2018 жылдың тамыз 2019 жылдың қазан айлары аралығындағы мерзімде ауыл әкімі тарапынан азаматтарға бірде-бір рет жеке қабылдау жүргізілмеген.

Кентау қаласы әкімдігінің 04.09.2018 жылғы №304 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015 – 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі, Кентау қаласы бойынша 2018 – 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының іс-шаралары мүлдем

орындалмаған, Заң бұзушылыққа жол бермеу, алдын алу шаралары профилактикасын үздіксіз жүргізіп, семинар кеңестерді өткізу бойынша жұмыстар атқарылмаған.

Кентау қаласы әкімі аппараты тарапынан Бабайқорған ауылдық округі әкімі аппаратына 07.10.2019 жылы сағ.17:00-де қала әкімінің кеңесшісі Ғ.Тойшиев, қала әкімі аппаратының құжаттандыру-әкімшілік бөлімінің бас маманы А.Жадигерова және қала әкімі аппаратының ақпараттандыру және мемлекеттік қызмет көрсету мониторингі бөлімінің бас инспекторы Ж.Тулақовтар іссапармен әдістемелік көмек көрсетуге барған болатын. Алайда, сол уақытта ауыл әкімінің орынбасары Т.Алхановтан басқа мемлекеттік қызметкерлер мен келісім-шарт негізінде жұмыс жасайтын мамандар жұмыс орнында болмағандығы туралы 07.10.2019 жылы сағ.17:00-де акт түзілген. Сонымен қатар, Кентау қаласы әкімі аппараты тарапынан Бабайқорған ауылдық округі әкімі аппаратына қайта 08.10.2019 жылы сағ.18:15-те қала әкімінің кеңесшісі Ғ.Тойшиев, қала әкімі аппаратының құжаттандыру-әкімшілік бөлімінің бас инспекторы Р.Сайдуалиева және қала әкімі аппаратының жердің пайдалануымен қорғалуын бақылау бөлімінің бас маманы А.Ноғай әдістемелік көмек көрсетуге іссапармен барған. Алайда, сол уақытта да мемлекеттік қызметкерлер мен келісімшарт негізінде жұмыс жасайтын мамандардың жұмыс орнында болмағандығы туралы 08.10.2019 жылы сағ.18:15-те акт түзілген. Яғни, ауыл әкімі аппаратының қызметшілері тарапынан ҚР Еңбек Кодексінің талаптары бұзылғаны анықталған.

Бабайқорған ауылдық округінің әлеуметтік жағдайының деңгейін, тұрғындардың бірқатар мәселелерге қалыптасқан пікірін, жергілікті билік пен тұрғындар арасындағы байланысты анықтау мақсатында, 09.10.2019 жылы анонимді түрде сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 25 респондент қатысып, 15 сұрақ енгізілген. Сауалнаманың қорытындысы бойынша - **Бабайқорған ауылдық округінде қоғамдық саяси жағдайдың күрделілігін байқауға болады.**

Талдау барысында аталған кемшіліктерді орындауға шұғыл шараларды қабылдауды, ауылдық округ әкімі мен жауапты маманға тапсырылып түсіндірілді.

Жоғарылардың негізінде - Бабайқорған ауылдық округінде орындаушылық тәртібінің жоқтығы анықталып, төмендегі ұсыныстар енгізілді:

1. Алдағы уақытта заң бұзушылыққа жол бермеу, алдын алу шаралары профилактикасын үздіксіз ай сайын жүргізіп, семинар кеңестерді өткізу;
2. Құқықтық актілерді (өкім және шешімдер) дайындау барысында, Заңнамалық актілердің атауына, баптарға жасалған сілтемелердің сәйкестігіне зерделеу жүргізу;
3. Аппарат мамандарының орындаушылық тәртібін көтеру;
4. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау барысында ҚР «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының талаптарына сәйкес, мерзімінде қарап, жауабын беру және өтініш иелеріне берілген жауаппен келіспеген жағдайда шағымдану құқықтарын түсіндіру;

5. Тәртіптік жауапкершіліктерді қарау, жұмыстан босату, еңбек ақыны төлеу барысында, еңбек заңнамасының талаптарын, басқа да заңнамалық актілер талаптарының сақталуын қамтамасыз ету;

6. Кентау қаласы әкімдігінің 04.09.2018 жылғы №304 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015 – 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі, Кентау қаласы бойынша 2018 – 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарындағы, іс-шаралардың сапалы орындалуына және атқарылған жұмыстар туралы мәліметті белгіленген мерзімде жолдануын қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт бекіту;

7. Заң бұзушылықтарға жол берген қызметшілерге Заңға сәйкес, тәртіптік жауапкершіліктерін қарауды ұсынылады.

Таныстым:  **Бабайқорған** ауылдық округінің әкімі
Ж.Қарабаев
«18» 10 2019 жыл

**Қала әкімінің орынбасары,
жұмысшы топ төрағасы**



С.Расұл

**Жұмысшы топ хатшысы,
қала әкімі аппаратының Заң және
құқық қорғау органдарымен жұмыс
жүргізу бөлімінің бас инспекторы**



Б.Сариев